

ӘОЖ 82-7

МҒТАР 17.01.21

DOI 10.56525/FLKD8945

**ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ ӘЙЕЛ ТАҒДЫРЫНЫҢ БЕЙНЕЛЕНУІ****\*Қабылов Ә.Д., Жеткізгенова Ә.Т., Толетова Ж.К.**<sup>1</sup>Есенов университеті, Ақтау, Қазақстанe-mail: adilet.kabylov@yu.edu.kz, aliya1.zhetkizgenova@yu.edu.kz,  
zhadira.toletova@yu.edu.kz

\*Корреспондент автор: adilet.kabylov@yu.edu.kz

**Аңдатпа.** Мақалада көрнекті жазушы Әбіш Кекілбаев әңгімелеріндегі әйел тағдырының бейнелену ерекшеліктері пайымдалады. Жазушының «Ажар» триптихына кіретін «Көз жасы», «Кек» және «Галстук сатушы қыз туралы хикая» әңгімелері мен «Жүндібарак» әңгімесінде суреттелетін қазақ әйелінің бастан кешкен тағдыры, сол жағдайға мәжбүр еткен тағдыр талқысы әдебиеттанушылық тұрғыдан зерделенеді. Әйелдің қиын тағдыры қашан да көркем әдебиеттің бейнелеу нысаны болып келеді. Ауыз әдебиетінен желі тартатын әйел тағдыр-талайы қазіргі әдебиеттің де негізгі тақырыптарының бірі болып отыр. Ә.Кекілбаев шығармаларында да бұл тақырып әр қырымен өзінің өзектілігін танытып отырады. Ұлы Отан соғысы мен одан кейінгі бейбіт кезеңдегі қазақ қоғамындағы оқиғалар арнасында қазақ әйелінің түрлі тағдыр тауқыметі «Ажар» триптихы мен «Жүнді барак» әңгімелерінде өзіндік шеберлікпен бейнеленген. Автор оқиға баяндалып отырған кезеңнің шындығы аясында басты кейіпкерлердің өмір жолындағы кедергілерді, тағдырдың ауыр соққысы мен соған әкелген себептерді логикалық дәлелмен, психологиялық талдаумен ашып көрсетеді. Аталмыш шығармалардың идеялық-көркемдік сипаттары автордың даралық стиль ерекшеліктері арнасында талданады. Шығармалардағы тіл көркемдігі, психологиялық талдау арналары назарда ұсталып, автордың көркемдік ұстанымына баға беріледі.

**Түйін сөздер:** Ә.Кекілбаев, әдебиет, проза, әңгіме, жанр, тақырып, идея, көркемдік, сюжет, композиция.

**Кіріспе.** Әйел тағдыры – қазақ әдебиетінде қай кезде де жиі көтеріліп келе жатқан тақырыптардың бірі екені даусыз. Ауыз әдебиеті шығармаларында жиі көрініп отыратын қазақ әйел-қыздарының сан алуан тағдырын бейнелеу үрдісі жазба әдебиетімізде де берік орын алды. Қазақтың алғашқы романдарының да («Бақытсыз Жамал», «Қамар сұлу», «Қалың мал») осы тақырыптарға арналғаны белгілі.

Әйел – адамзаттағы ерекше жаратылыс иесі болса, оның жан әлемі де тылсым, жұмбағы мол, тағдыр жолы да сан қилы болып келеді. Әйелдің өмірі мен тұрмысын, махаббаты мен тағдырын суреттеу мен психологиясына терең бойлауда қай жазушы да өзіндік қолтаңбасын танытуға талпынып келеді. Мәңгілік бейнеге айналып, көркем сөзбен өшпестей боп сомдалған әйелдер бейнесінен бастап, көптеген ақын-жазушылардың қаламынан туған аналар мен арулар образы қай кезде де оқырманын бейжай қалдырған емес. Қоғамымыз қаншалықты дамығанмен, өмірде жиі орын алып тұратын қоғамдық теңсіздік, гендерлік және феминистік проблемалар, тұрмыстық кикілжің, отбасылық жағдаяттар көбінесе әйелдерге байланысты болса, жеке адам тағдыры, баянсыз махаббат, отбасындағы ажырасу, қыздардың оң жақта отырып қалуы, жесірлік пен жетімдік секілді проблемалар көркем бейнелеу нысанына жиі алынып отырса, солардың бәрінде де әйел баласының тікелей не жанама қатысы болып жатады.

Ә.Кекілбаев әңгімелерінде де әйелдің ауыр тағдыры түрлі жағдайларда бейнеленіп, қоғамдық орта мен тарихи ірілі-ұсақты оқиғалар аясында шыншылдықпен суреттеледі. Оған жазушының «Ажар» триптихы мен «Жүнді барак» әңгімелерін әдеби тұрғыдан талдау арқылы көз жеткізуге болады.

Ә.Кекілбаев шығармаларындағы әйел тағдыры туралы айтқанда, ең алдымен, «Ажар» триптихы мен «Жүндібарақ» әңгімелері ойымызға оралады. Жазушының «Ажар» триптихы 1964 жылы жазылған алғашқы прозалық шығармаларының қатарында. «Көз жасы», «Кек» және «Галстук сатушы қыз туралы хикая» атты жеке-жеке үш әңгімеден тұратын триптих Ажар есімді аттас үш әйелдің әр түрлі тағдырын әңгімелейді. Мазмұны бөлек, оқиғасы бөтен болғанымен, осы үш шығарманы етене байланыстырып тұрған ортақ арқау – автор өмір сүрген түрлі кезеңдегі қазақ қоғамында орын алған әйел тағдыры.

«Ажар» триптихының эпиграфына А.П.Чеховтың «Ротшильд скрипкасы» әңгімесінен алынған мына үзіндінің берілуі да тегін емес: «Зачем люди друг другу мешают жить, ведь от этого какие убытки, какие страшные убытки». Авторлық арнау осы эпиграфтың мәніне үңіліп, «тіршілік ажары» әйелдің – үш Ажардың тағдырына қатысты үш оқиғаға меңзейді. «Еркектердің шүмектеген қанын, шақырлаған тісін емес, әйелдің мөлдірей аққан көз жасы мен селкілдеген иығына» (осы сөздер үш әңгіменің де өзегіне жетелейді) екпін түсіре айтқан автордың мына арнау сөздері А.Чеховтың лебізімен үндесіп, шығарманың концептуалдық түйінін айшықтайды: «Адамдар-ау, қамшының сабындай кеп-келте өміріңізде бір-біріңізді ренжіте көрмесеңізші, әр минут, әр секундтеріңіз санаулы ғой, олар тұнжырап өтпесінші».

Шынында да, дүниедегі барлық жамандық атаулының мейірімсіздіктен туатыны белгілі. Өйткені, мейірімсіздік пенделік эгоның асқынған кезінде күш алады, «адам адамға бауыр» деген қағиданың ұмытылғанын көрсетеді. Алайда оған жол бермеу әрбір саналы адамның міндеті болмақ: «Мейірімділікті зайырлы және діни тұрғыдан әр түрлі сипаттауға болады. Бұл тұжырымға түрлі көзқарастың болуына қарамастан, олардың арасындағы айырмашылықты имманентті түсінуде ортақ келісім жатыр» [1].

Адамгершілік пен имандылық мәселелері әсіресе көркем әдебиетте ғана барынша мол қамтылып, адамдық санаға жететіндей, көзге елестетілетіндей қалыпта бейнелене алады. Өйткені, «Білімнің поэтикалық негіздері, шын мәнінде адамдық таным үшін маңызды әрі барлық салада оның мәнін түсіндірудің кілті болып қала бермек, оның ішінде адамзаттың барлық кезеңдегі даму барысында және, ең бастысы, қазіргі кезде ғылым мен технология басымдық алып отырғанына қарамастан, ғылымның да барлық салалары қамтылады [2].

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Қазақ әдебиеттануында көркем шығармалардағы әйелдер бейнесі туралы зерттеулер баршылық. Ә.Кекілбаев шығармашылығы әр тұрғыда біршама зерттеліп келе жатқанымен, оның прозасындағы әйелдер бейнесі хақындағы арнайы зерттеулер жоқтың қасы. Сондықтан мақалада жазушы әңгімелеріндегі әйелдер тағдырының бейнеленуі арнайы зерттеу нысанына алынып отыр.

Мақалада қаламгер әңгімелеріндегі қазақ әйелінің тағдыры суреттелетін әңгімелерінің мазмұндық, идеялық-көркемдік ерекшеліктері арнайы зерделенеді. Онда қазақ әдебиеттанушы ғалымдары мен зерттеушілер Қ.Жүсіп, Г.Орда, Ә.Спан т.б. еңбектері және шетелдік әдебиеттанушылардың еңбектеріндегі тұжырымдар басшылыққа алынды. Негізгі дереккөз ретінде жазушының шығармалар жинағы, «Әбіш Кекілбаев» энциклопедиясы (1-том) назарға алынды.

Тақырыпты игеру мен мәселені зерттеу барысында әдетте типологиялық, тарихи және жүйелік әдіс, сонымен қатар әдеби талдау, психологиялық және логикалық әдістер қолданылады. Басты әдіснамалық негіз – зерттеу нысаны ретінде көркем шығарманы танудағы әдеби-тарихи салыстырмалы әдіс әдеби-мәдени мұраларды зерделеудегі теориялық тірек ретінде таңдалды.

**Зерттеу нәтижелері.** «Көз жасы» әңгімесінен елге қасірет әкелген кешегі екінші дүниежүзілік соғыстың қазақ әйелінің жанына салған жарасын көреміз. Күйеуі майданда қайтыс болған Ажардың көрші кемпір Жамалдың жалғыз ұлы Әбеннен бала тауып, оның «өміріндегі жалғыз қуанышы» болғаны әңгімеленеді. «Ақ пейіл махаббаттың ескерткішіндей» болған жалғыз ұлы оның көкірегін қаншама қасірет сызынан арылтқанмен, өмірде ештеңенің де із-түзсіз кетпейтініндей, арада жылдар өткенде сол оқиғаның салдары әйелдің нәзік жүрегін тырнап өтеді.

Соғыстың дәл алдында ғана Жанқожаға тұрмысқа шыққан Ажардың жұбайлық қызығы әлі басылмай жатып, күйеуі майданға аттанады. Үш жылдан кейін ауылға оның майданда қаза тапқаны туралы қаралы қағазы келеді. Ауыр қайғы әбден есеңгіретіп тастаған Ажарға тағдырдың бұл соққысына да төзуге тура келеді. Тірі адам тірлігін жасайды емес пе, тек әттең Жанқожаның артында бір тұяғы қалмағаны өкінішті! Күні бойы колхоздың жұмысында жүрегін Ажардың бұған да еті үйренеді: «Кісі қызық қой. Қайғы екеш қайғыға да үйреніседі. Әуелі төпеш-жаншып келген қайғыдан қашып құтыла алмайды. Ол да оспадар мейман сияқты, бір еңсе шықпай қояды. Жактырмай әрі жүресің, бері жүресің. Ақыры етің үйренеді. Ажар да сөйтті» [3,50].

Жесір келіншекке енді қырындаушылар мен сөз салушылар көбейеді. Ересектерінің бетін қайырғанымен, көрші кемпір Жамалдың баласы Әбенмен арадағы үйірсектігі ақыры оларды табыстырып тынады. Елдің өсегі бұл байланыстың (жақындықтың) жайын Әбеннің шешесі Жамалға да жеткізеді. Баласын өз сіңлісінің қызына үйлендірейін деп жүрген Жамал кемпір мұны естігенде әуелі ашудан жарыла жаздап, кейін екпіні басылған соң Ажарға қарсылығын жеткізеді. Ертеңіне басқармадан сұранып, шалғайдағы жайлауға кеткен Ажар күз түскенде ауылға бір-ақ оралады. Бұл кезде Жамал баласын үйлендіріп қойыпты. Сол жылы қыста Ажар босанып, Нұртай есімді сәбиді дүниеге әкеледі. Әбеннің ақылды келіншегі күйеуінің ұрлығын білсе де, қиқу сөз шығармай, қайта Ажармен жақын араласып кетеді. Ауыл-үйдің өсегі де басылып, Ажар бұрынғыдан да бекемдене түседі. Өмір өз арнасымен ағып жатады, соғыста қаза тапқан күйеуінің орнын баласы Нұртай басқан Ажар соны медет тұтып, қасірет құрсауынан арылғандай болып еді. Нұртай жетіге толып, мектептен кітап ала барғанда балалардың кітабына есім-сойын жазып беріп жатқан өзінен төрт-бес жас үлкен ауылдағы бұзық бала Сәбит мұның Жанқожаның баласы емес екенін айтып, бетіне басады. Балалар мұны күлкі қылып, мазаққа айналдырады. Ең өкініштісі – мұны естіген апасының қауқарсыздығы, «Сәбиттен өшін қайтармайтындығы» болды. Ертесіне сабаққа барғанда, мұның фамилиясын сұраған мұғалімге ештеңе деп айта алмай, іштей булығып, жалт бұрылып есіктен ата жөнеледі: «Нұртайдың столдың үстінде қалып қойған дәптерінің бетінде екі тамшы мөлдірейді».

Әңгімедегі Ажар тағдыры – соғыс салған жан жарасының салдары. Ондай тағдыр тек Ажардың ғана емес, соғыс жылдарындағы талай әйелдердің басынан өткен. Ажар да, Нұртай да – соғыс құрбаны деуге болады. Тірі жүрсе де, олар – жаны жараланған жандар. Күйеуі майданда қаза тапса, ауылдағы әйелі де соғыстың зардабын тартты, оның салдары жан жарасының орнын жапқан жалғыз Нұртайының да алдынан шығып отыр. «Орны бар оңалар» дегендей, соғыстың қасіреті ұмытылып, әрбір адамның бақытты болуына құқы бар. Әйтсе де, аузына ие бола алмайтын өсекшілер мен сөзіне есеп бермейтін желбуаз тоғышарлардың адамның жанын ауыртып, жан жарасын тырнаудан тартынбайтынын қайтерсің.

Жазушы оқиғаны баяндау барысында Ажардың жан дүниесіне бойлап, ішкі күйзелісін суреттеуде көркемдік құралдарды мейлінше тиімді пайдаланады. Авторлық баяндаудағы суреттеулер мен сипаттаулар бірде оқиғаға меңзесе, енді бірде кейіпкердің жан әлемімен, ішкі сырымен астасып жатады. Көркем мәтіндегі автордың философиялық пайымдары мен психологиялық талдаулары баяндау арнасында жиі ұшырасады. Мұндай көркем-философиялық талдаулар өмір шындығын пайымдаудың ыңғайына жетелейді.

Ә.Кекілбаев прозасы туралы ғалым Г.Орда: «Жазушы кейіпкер бейнесін сомдауда психологиялық талдаудың тың жетістіктеріне қол жеткізеді. Бұл – жазушының ғана емес, қазақ прозасының елеулі табысы», – деп атап көрсеткен болатын [4,734-735].

Жазушы қаламы әйел жанының терең сырына үңіліп, психологиялық ерекшелігін ашуға шебер. Ондай байлам-пайымдар жалпылық та, жалқылық та сипат алып отырады: «Бұрынғы берік қамалдай әйел еркі қазір ұялшақ арға ықтасын болуға жарамай қалды» [3,56]; «Ажар берік әйел еді. Дегенмен жігіт жігіт те, жүрек жүрек қой. Шақырая нұрын төккен күн көзі гүл өсірмей қоя ма! Оның үстіне Ажардың өзі құнарлы алқап-ты» [3,56].

«Көз жасы» әңгімесі – сұм соғыстың салған лаңының құрбаны болған әйелдің тағдыры, ананың тағдыры туралы шығарма, соның салдарынан қаперсіз өсіп келе жатқан жас

баланың сүйегіне ғұмыр бойы таңба боп қалар қасірет туралы туынды. «Әңгіме кейіпкері Ажар құдай қосқан қосағынан өлідей бір айырылып, аз күн болса да жанына медеу болған жанынан тірідей екі айырылып, солардың күйініші мен өкінішінің орнын толтырғандай боп қылтып өсіп келе жатқан көз қуанышы құйтақандай ұлының әлдеқандай оспадар біреудің сұркия, сұмпайы сөзінен жәбір-жапа шеккенін көріп мүлде жасып, орнынан тұра алмастай болып омалып отырып қалады. Үміті қырқылып, жарығы сөнгендей болады» [5,30].

«Кек» әңгімесінде Ажар атты жас келіншектің көңілі қалған күйеуі Медеттен жас баласы арқылы кек қайтарған оқиғасы баяндалады. Мәскеуге күйеуі өндіріс орындары директорларының бір жарым жылдық даярлық мектебіне оқуға кеткен күйеуі үйге ораларда баласы Болатты көрсетіп алдынан шықпақ болған жас келіншек оған біраз дайындалады. Аяғы ауыр, айы-күні жетіп отырған жас келіншегін жалғыз қалдырып, өзінің қара басын ғана ойлап, жыл жарымға бас сауғалап кеткен Медеттің кетерінде: «Мынадай сұрапыл кезде бұл қалада тұрып болар емес, мен кеттім, бұл топан басылған күні соғармын. Оған дейін қош бол!» – деуінде әлдеқандай бір сыр бар. «Осы «Кек» әңгімесі, біздіңше, бүгінгі ХХІ ғасыр биігінен қарағанда шын мәнінде «алпысыншы жылдықтар» шығармашылығының жарқын бір үлгісі», – деп жазады «Әбіш Кекілбаев» энциклопедиясы. – Біріншіден, сонау 1960 жылдардың ортасында бірде бір қазақ жазушысының қаламына коммунист жанның партбилетін аяқасты таңдауға салғаны әрі ол қорқақ, мансапқор, бейшара күйге түскен дәрменсіз, жағымсыз кейіпкер ретінде ілінген емес» [6,87].

Шынында да, коммунистік партия үстемдік құрған социалистік кезеңде партия мүшесінің моральдық бейнесіне селкеу түсіру, оны жағымсыз кейіпкер қылып бейнелеу тосын жайт болатын. Автор Медетті жалтақ, қорқақ, тиянақсыз пенде ретінде бейнелеп қана қоймай, отбасын қорғай алмаған ынжық кейпін әшкерелеп, Ажардың психологиялық тұрғыдан кек алғанын көрсетеді. Баласының бірге оқыған досы Әбеннен аумай қалғанын көріп, ауыр психологиялық соққы алған Медет Ажарға қол жұмсап, тепкілей бастайды. Тапаншасын алмақ болғанда, қалтасынан шыққан бір бума қағаздардың арасынан шыққан партбилеті қолына ілігіп, сол ғана тоқтата алады: «Медет сол баяғы мелшиген қалпы. Бір қолында партбилеті, бір қолында төс қалтасына кеше ғана түскен директорлық куәлігі» [3,69]. Медетті әйелін одан әрі жазалатпай, ұстап қалған осылар. Партиялық жауапкершілік пен қызметтік мансап қана оны қылмыстық істен сақтап қалады.

Автор Ажар – Әбен – Медет үштігінің сырын да егжей-тегжейлі баяндап жатпайды. Ажардың Әбенмен арақатынасы әңгімеде ашық айтылмайды, тек тұспалдап қана кетеді. Ажардың бір кезде өздері тұрған жатақхананы көргендегі Әбен тұрған бөлменің терезесіне қарап, өткен жылғы қоштасуларын есіне түсіруі, екеуінің көктемде таудағы кездесулерінің суреттемелері тегін беріліп тұрған жоқ. Сол таудағы табиғатты суреттеуде адамдар өміріндегі қайшылықтарға меңзеген тұспал бар. Ондағы «жексұрын қу қау» – жас өскіндердің бас көтеруіне кеселін тигізіп тұрған бөгеттің символы. Мұндағы авторлық баяндау кейіпкердің көңіл-күйімен, оның алдағы тағдырына меңзейтін рефлексиямен астасып жатыр: «Ойдан шығарылған ауызша сөйлеуден соған ұқсас сөйлеудің айырмашылығы бәрінен бұрын тілдік ұымдасудың көрнекті аспектілеріне байланысты болады. Біріншіден, жазбаша форматтың талабынан туады, мысалы, контекстік ақпарат болмайды немесе лексикалық материалмен қамтамасыз етіледі» [7].

«Галстук сатушы қыз туралы хикая» әңгімесі де махаббаттан жолы болмаған, өмірден өз орнын таба алмай аласұрған Ажар қыздың тағдырын бейнелейді. Әр адамның маңдайына жазылған өз тағдыры бар. «Әркім өз тағдырына өзі қожа» дегенмен, өмірде адам қолынан келмейтін, адал жолмен жүріп, тағдырын өз ырқымен қалыптауға мүмкіндік болмайтын жайлар да аз кездеспейді ғой. Әйел бақыты тек өзіне ғана байланысты болса бірсәрі, оның еркінен тыс, бақытына жету жолында қанша тырысқанымен, қолы жетпей арманда өтетін жағдайлар да аз ұшыраспайды. Бұл әңгімеден тағы бір Ажар есімді қазақ қызының өз сүйгеніне қолы жете алмай, мұңға батқан кейпін көреміз.

Бас кейіпкер Ажар – қарапайым қазақтың қызы. Сауда техникумын бітіріп келіп, жаңа қалалардың біріндегі жаңадан ашылған галантерея дүкеніне сатушы болып орналасады.

Дүкен ашылатын күні осында бір топ адам келіп, дүкеннің қалай жабдықталғанын көріп шығады. Ажар солардың ортасындағы бір жігітті бірден тани кетеді. Ол бұдан бір жыл бұрын поездда келе жатқанда кездестіріп, танысқан және өзіне ұнап қалған Әбен болатын. Соны әлі ұмытпапты. Сұрастырып көрсе, Әбен осы қаланың жаңадан тағайындалған архитекторы екен, бұл ғимарат соның дипломдық жұмысы болып шығады. Онымен жолығып, кездеспек болады. Бірақ оны жаз бойы көре алмайды. Ақыры оған хат жазып, кездесіп-сөйлескісі келетінін, ертең кешкі сағат жетіде алаңда күтетінін айтады. Аты-жөнін ашып айтпай, өзі танып жолығатынын жазады. Ертесіне алаңға Әбен келгенімен, оған жақындап баруға мұның батылы бармайды.

Ажар бәрібір Әбенді ұмыта алмай, ғашықтықтың отына күйгендей-ақ күйеді. Бұл кезде Әбен үйленген еді. Ажар болса, оның жолын тосып, сырттай бір көрудің өзін көңілге мият тұтып жүреді. Өз бақытын күткен, махаббатты аңсаған Ажардың мұнды күйі осындай. Қыз Әбенге ғашық болғаны үшін кінәлі ме? Өз сезімін тұншықтыруға ғашық жанның әлі жетер ме? Ажардың айнаның алдында ұзақ жылап тұрып, өзінің ажарсыздығына қатты өкінеді:

Оқырман Ажардың аянышты жағдайына бірге қамығып, бақытына тілектес болып, сонымен бірге мұңға батқандай күй кешеді. Осындайда:

...Сұлулар өте бергенде,  
Сүзіле келіп қарайсың.  
Әдемі қызды көргенде,  
Ақылды қызды аяйсың [8,260], –

деген Қадыр ақынның жыр жолдары өмірдегі осындай сәйкессіздіктер пен қайшылықтарға өкінумен туған шығар деп ойланасың.

Ажардың жайы кез келген оқырманды бей-жай қалдырмасы хақ. Тағдырдың бұл да бір сынағы дегенімізбен, өмірде өз орнын таба алмай, қанша армандағанмен, сүйгеніне жете алмай жүрген жандар аз емес. Бұл әңгіменің ғибраты – қаншалықты ақылды, адал, ұстамды болса да, махаббаттан жолы болмаған жастың жағдайын көрсету арқылы тағдырдың адамға ұсынар сыйы оңай еместігін еске салады. «Байғұс қыз ғашық болуын болған-ақ екен. Сонысына қарай, Ажар атына орай Құдайекеннің ажар бермегені қандай өкініш. Не де болса, маңдайынан көреді-дағы. «Тесік моншақ жерде қалмайды» деп үлкендер тегіннен тегін айтады дейсің бе [9,13], – деп қоя салуға әсте болмайды.

Әңгіме түйінінде жауапсыз болса да, адал, таза махаббат сезіміне деген ыстық ықылас бар. «...Әңгімені оқыған адам Ажарды мүсіркеумен бірге оған қызыға да қарайды. Мөлдір махаббат кез келген адамда бола бермейді, Ажарда сол бар. Ажар сонысымен – махаббатының барлығымен, рухының байлығымен бақытты. Әңгіменің философиясы осындай», – деп тұжырымдайды бұл туралы белгілі әдебиеттанушы ғалым Қ.Жүсіп [10,25-26].

Түптеп келгенде, автор үлкен әлеуметтік мәселені көтеріп отыр. Ол – қыз балалардың уақытында тұрмысқа шыға алмай, оң жақта «отырып қалуы». Сол кездің өзінде мұндай жағдайлар орын алып, дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзекті мәселеге айнала бастаған болатын. Қазір оған көз үйреніп кеткенмен, ол кезде бұл – ұлттық менталитетке қайшы келетін құбылыс ретінде қабылданып, зиялыларымызды да ойландырғаны хақ. «Ұлын ұяға, қызын қияға» дегендей, жастардың дер кезінде шаңырақ құрып, түтін түтетуі – әрбір ата-ананың арманы, халқымыздың ертеден келе жатқан айнымас қағидасы. Кәмелетке толған қыз-жігіттердің уақытында отбасын құра алмауының түрлі себептері болса, соның бір оқиғасын жазушы осы шығармасында бейнелейді. Туындының финалында суреттелетін жарық (от) пен қараңғылық (меңіреу түн) антиномиясы символдық мәнде Әбен мен Ажар өмірін аңғартады.

Жазушының «Жүндібарақ» әңгімесінде соғыс кезінде қазақ аулында болған бір сұмдық оқиға баяндалады. Бұл шығарманың орталық кейіпкерінің есімі де – Ажар. Одан басқа пошташы Сабыр мен аңшы Аманқұл бейнелері бар. Оқиғаға ара-тұра Ажардың балалары – он жасар қызы Бәтес пен төрттегі ұлы Кәрім және Жаңыл кемпір де қатысып отырады.

Таң атқалы пошташы Сабырдың мазасы болмайды: таңертең кемпірі Күнше: «Түсімде немістер біздің разъезді бомбылап жүр», – деп бір күнсітіп еді, поштаға кіріп бара жатқанда дүкенші Дабылбайдан оның ағасы Ахметшені аюлар тас лақтырып мерт қылғанын естиді. Ал поштадағы қыз бұған соғысқа кеткен Текес Қайыровтың қазаға ұшырағаны туралы қаралы хатты тапсырады. «Бір сұмдықтың боларын сезгенмін», – деп іштей ойлаған Сабыр келе жатып шелекті даңғырлатып жүрген Текестің он жасар қызы Бәтесті, темір жолдың бойында рельсті ұрып жүрген Текестің әйелі Ажарды көреді. Аманкұлдың үйіне келгенде Сабыр одан ауылдың сыртына аюдың ізі түскенін естиді. Суаттан су алуға кеткен Ажардың әлі келмегені белгілі болады. Оны іздеуге шыққан Аманкұл мен Сабыр қараңғы түсіп кетіп, таба алмай кері оралады. Қайтарда су таситын қара күбіні көреді. Төңірегіне су төгілген, әлдекімдердің алысып, жолдың жиегінің опырылғаны белгілі болады.

Сол кеткеннен мол кеткен Ажарды ауыл бірте-бірте ұмыта бастайды. Тек Бәтес қана көндіге алмай, ақыры қызылшадан қайтыс болады. Керімді Жаңыл кемпір бауырына басады. Жаз шыға Аманкұл аң аулап жүргенде таудағы үңгірден Ажарды тауып әкеледі. Ауылға тірі келгенмен, Ажар оңалмайды: ешкіммен сөйлеспей, жападан жалғыз отырады да қояды. Шашы қобырап, үсті-басы жарылып кеткен. Одан шошып жоламай қойған баласы Керімді ұрып жібереді. «Ажар жынданып кетті» деп оны қаратпаған тәуіп пен бақсы қалмайды. Олардан ем болмағасын, қол-аяғын байлап апанға апарып тастайды. Аманкұл оны босатып алып, шошалаға салып бағады. Сөйтіп Сабырдың қалтасындағы «қара қағаз» тозып бітеді. Жұрт Ажардан күдерін үзіп, қасына баруды да қояды.

Аманкұл бір күні аю атып әкеледі, оны қызықтаған жұрт абыр-абыр болып жатқанда, Ажардың ғана онымен ісі болмайды. Ертесіне шошаладағы Ажар жоқ болып шығады, кермеге іліп қойған аюдың терісін ала кетіпті. Арада апта өткенде аңнан болдыртып шаршап келген Аманкұл Ажардың энеукүнгі аюдың терісін бауырына басқан күйі баяғы үңгірдің аузында құлап жатқанын айтады.

Бас-аяғы бес-ақ беттен тұратын қысқа әңгіменің фабуласы осындай. Майдандағы күйеуін сарыла күтіп жүрген сұлу Ажар одан келген «қара қағазды» алғанда да жынданып кетуі мүмкін еді, алайда орын алған оқиға оның қазасын Ажарға естіртпейді. Ол аяқ астынан тосын жағдайға ұшырап, Жүндібарақтың құрбанына айналады. Қызынан өлідей, ұлынан тірідей айырылады. Соғыс кезінде ел ішінде де небір сұмдық оқиғалардың болғаны белгілі. Солардың бірі ретінде жазушы аюдың ауылға шабуыл жасап, адам ұрлауы оқиғасын осылайша суреттейді. Сұм соғыстың адам тағдырын тәлкекке салып, аң-құсқа жемтік қылған зорлығы мен аярлығы осынау оқиғадан айқын көрініс береді.

Табиғаттың ашылмаған сыры көп, ал аңдардың іс-әрекеттері мен психологиясын түсіну тек мамандардың ғана қолынан келуі мүмкін. Әңгімедегі Жүндібарақтың бейнесі бұл жерде бақытсыз Ажардың тағдырын айқындаудағы персонаждық роль атқарып тұр. Автор соғыстың адам баласына әкелер сұмдық қасіреті тек майдан даласында ғана емес, тіпті ел ішіндегі адамдардан да емес, кейде осындай хайуандардың араласуынан да болатынын меңзейтіндей: «Хайуандар туралы жұмбақ жайттар деректі білім беруші көлемді баяндаулардың бір бөлігі болып келеді, олар хайуандардың құлықтық әрекеттерінің, қабілеттері мен қоршаған ортаға деген (әлеуетті) көзқарасының мақсатты модельденуі қызметін атқарады» [11]. Кейбір анималистік әрі ғажайыптық сипатымен қоса, бұл әңгіменің көркемдік қисынында әлдебір символдық астар бар секілді көрінеді. Автор жүндібарақ бейнесі арқылы адамдардың өмір-тіршілігіне кейде орынсыз араласып, қырсығын тигізіп отыратын хайуандық іс-әрекеттерді де тұспалдап отырғандай.

Қаламгердің жас кезінде жазылған алғашқы шығармаларының бірі болса да, бұл әңгіме жазушы шығармаларының ішіндегі өзіндік ізденісін көрсететін, шағын жанрды игеру жолындағы тәжірибесі болып табылатын, тосын оқиғаны шеберлікпен бейнелеп шыққан сәтті қадамы деп ойлаймыз. «Талғампаз суреткер бұл әңгімесін таңдаулы шығармаларының санатынан қалдырмай, қашан да жариялап отырғанына қарағанда, шығарма өзінің де көңілінен шыққаны байқалады» [6,112].

**Қорытынды.** Ә.Кекілбаевтың «Ажар» триптихы мен «Жүндібарак» әңгімесіндегі әйел тағдырының бейнеленуі туралы сөз еттік. Өмір-тұрмыстық жағдайлардың әсерінен қайғы-қасірет пен мұң-налаға тап болған әйел тағдырын бейнелеудегі суреткер шеберлігін талдап көрсетуге тырыстық. Төрт әңгіменің де орталық кейіпкерінің есімдері Ажар болғанымен, олардың тағдыры әртүрлі. Бірақ бәріне ортақ бір сипат – өмірдің түрлі жағдайларынан орын алған әйел бақытсыздығының жайы. Соғыстың салдарынан болсын, бейбіт өмірде болсын, адам тағдыры әрқилы қалыптасатын болса, солардың өз себептері, қисыны мен шешімі болады. Жазушы түрлі ситуацияларда қазақ әйелінің тап болған қиындықтарын, оны жеңу жолындағы іс-әрекеттері мен шешімін таппаған жайларды көркемдік қисынмен, шебер тіл, ширақ сюжетпен бейнелейді.

Бұл әңгімелердің бәрі де – алпысыншы жылдардың басында, жазушының жиырмадан асқан шағында жазылған шығармалар. «Жүндібарак» әңгімесінің жазылған уақыты 1961 жыл деп көрсетілсе, «Ажар» триптихы алғаш рет 1964 жылы «Жұлдыз» журналында жарияланған. Көркем прозаға енді ғана қадам басқан жазушының алғашқы қадамдары осы шығармалардан басталғанын ескерсек, қазақтың рухани қазынасына «Үркер» мен «Елең-алаң» секілді көлемді романдар мен басқа да сүбелі прозалық туындылар берген суреткердің үлкен прозаға қадамының сәтті басталғанын көреміз.

*Мақала ҚР ҒЖБМ грантымен қаржыландырылатын АР19678872 – «Әбіш Кекілбаев шығармашылығы қоғамдық сананың жаңғыруы контекстінде» ғылыми жобасы аясында жазылды.*

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Leonard, N. The Arts and New Materialism: A Call to Stewardship through Mercy, Grace, and Hope. *Humanities* **2020**, 9, 84. <https://doi.org/10.3390/h9030084>
2. Franke, W. Involved Knowing: On the Poetic Epistemology of the Humanities. *Humanities* **2015**, 4, 600-622. <https://doi.org/10.3390/h4040600>
3. Кекілбаев Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. 1 том. – Алматы. Өлке, 1999. – 400 б.
4. Орда Г. Әбіш Кекілбаев // Қазақ әдебиетінің тарихы. 9-том. – Алматы. Қазақпарат, 2005. – 790 б.
5. Тұрысбекова А. Ә.Кекілбаев пен Б.Нұржекеев шығармаларындағы ұлттық менталитет. Фил. ғыл. канд. диссертация. – Талдықорған, 2010.
6. Әбіш Кекілбаев. Энциклопедия. I том. – Шығармашылығы. Алматы. Арыс, 2018. – 400 б.
7. Gast, V.; Wehmeier, C.; Vanderbeke, D. A Register-Based Study of Interior Monologue in James Joyce's *Ulysses*. *Literature* **2023**, 3, 42-65. <https://doi.org/10.3390/literature3010004>
8. Мырзалиев Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. I том. – Алматы. Жазушы, 1989. – 432 б.
9. Спан Ә. Заңғар. Роман-эссе. – Алматы. Нұрлы әлем, 2008. – 320 б.
10. Жүсіп Қ. Шың мен шыңырау. Әбіш Кекілбайұлының прозасы хақында. Әдеби сын-зерттеу. – Алматы. Арыс, 2000. – 134 б.
11. Herman, D. Animal Autobiography; Or, Narration beyond the Human. *Humanities* **2016**, 5, 82. <https://doi.org/10.3390/h5040082>

## REFERENCES

1. Leonard, N. The Arts and New Materialism: A Call to Stewardship through Mercy, Grace, and Hope. *Humanities* **2020**, 9, 84. <https://doi.org/10.3390/h9030084>
2. Franke, W. Involved Knowing: On the Poetic Epistemology of the Humanities. *Humanities* **2015**, 4, 600-622. <https://doi.org/10.3390/h4040600>

3. Kekilbaev A. On eki tomdyk shygarmalar zhinagy. 1 tom. – Almaty. Olke, 1999. – 400 b.
4. Orda G. Abish Kekilbaev // Kazak adabietinin tarihy. 9-tom. – Almaty. Kazakparat, 2005. – 790 b.
5. Turysbekova A. A.Kekilbaev pen B.Nurzhekeev shygarmalaryndagy ulttyk mentalitet. Fil. gyl. kand... dissertaciya. – Taldykorgan, 2010.
6. Abish Kekilbaev. Enciklopediya. I tom. – Shygarmashylygy. Almaty. Arys, 2018. – 400 b.
7. Gast, V.; Wehmeier, C.; Vanderbeke, D. A Register-Based Study of Interior Monologue in James Joyce's *Ulysses*. *Literature* 2023, 3, 42-65. <https://doi.org/10.3390/literature3010004>
8. Myrzaliev K. Ush tomdyk shygarmalar zhinagy. I tom. – Almaty. Zhazushy, 1989. – 432 b.
9. Span A. Zangar. Roman-esse. – Almaty. Nurly alem, 2008. – 320 b.
10. K.Zhysip. Shyn men shynyrau. Abish Kekilbauiynyn prozasy hakynda. Adebi syn-zertteu. – Almaty. Arys, 2000. – 134 b.
11. Herman, D. Animal Autobiography; Or, Narration beyond the Human. *Humanities* 2016, 5, 82. <https://doi.org/10.3390/h5040082>

## ИЗОБРАЖЕНИЕ СУДЬБЫ ЖЕНЩИН В РАССКАЗАХ АБИША КЕКИЛБАЕВА

**\*Кабылов А.Д., Жеткизгенова А.Т., Толетова Ж.К.**

Университет Есенова, г. Актау, Қазақстан

e-mail: adilet.kabylov@yu.edu.kz, aliya1.zhetkizgenova@yu.edu.kz,

zhadira.toletova@yu.edu.kz

\*Корреспондент автор: adilet.kabylov@yu.edu.kz

**Аннотация.** В статье осмысливаются особенности изображения судьбы женщин в рассказах писателя Абиша Кекилбаева. Рассматривается с литературоведческой точки зрения изображение судьбы казахских женщин и ирония судьбы вталкивающие в такие ситуации в рассказах «Слезы», «Мечь» и «Рассказ о продовщице галстуков» которые войдет в триптих автора «Ажар» и рассказа «Жунди барак». Судьба женщин является одной из главных тем современной литературы. В произведениях А. Кеклибаева эта тема отражает с актуальностью. В ракурсе разных событий в казахском обществе в годы Великой Отечественной войны, а затем в мирное время мастерски изображается судьбы женщин в рассказах автора в триптихе «Ажар» и в рассказе «Жунди барак». Автор раскрывает судьбы и препятствия в жизни главных героев с логическим аргументом, психологическим анализом. Идейно-художественные особенности данных произведений анализируются в рамках индивидуального стиля писателя. Оценивается языковые особенности и психологический анализ как грани мастерство автора.

**Ключевые слова:** А.Кекилбаев, художественная литература, проза, рассказ, жанр, тема, идея, художественность, сюжет, композиция.

## IMAGE OF THE FATE OF WOMEN IN THE STORIES OF ABISHA KEKILBAEV

**\*Kabylov Adilet, Zhetkizgenova Aliya, Toletova Zhadra**

Yessenov University, Aktau, Kazakhstan

e-mail: adilet.kabylov@yu.edu.kz, aliya1.zhetkizgenova@yu.edu.kz,

zhadira.toletova@yu.edu.kz

**Abstract.** The article complies with the features of the image of the fate of Zhenin in the stories of the writer Abisha Kekilbaev. From a literary point of view, the image of the fate of the

Kazakh women and the irony of fate pushing in such situations in the stories “Tears”, “Revenge” and “The story of the ties of the ties” that will enter the tripty of the author of Azhar and the story “Jundy Barak” is being considered. The fate of women is one of the main topics of modern literature. In the works of A. Keklibaev, this topic reflects with relevance. Within the angle of various events in Kazakh society during the Great Patriotic War, and then in peaceful times, the fate of Zhenin is masterfully depicted in the tales of the author in the Triptikh Azar and in the story “Jundy Barrak”. The author reveals the fate and obstacles in the life of the main characters with a logical argument, psychological analysis. The ideological and artistic features of these works are analyzed within the framework of the writer's induced style. Language features and psychological analysis as the edge of the author’s skill are evaluated.

**Key words:** A. Kekilbaev, fiction, prose, story, genre, topic, idea, artistry, plot, composition.